

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№162

2017 жылғы 30 мамыр

**Ақтөбе облысы бойынша тексеру
комиссиясының төрағасы мен
мүшелері туралы**

«Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 5 сәуірдегі №456 Жарлығына сәйкес, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабының 2-1-тармағын, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392 Заңының 47-бабының 2 және 3-тармақтарын, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №416 Заңының 15-бабының 3-тармағын басшылыққа ала отырып және Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің 2017 жылғы 29 мамырдағы №02-3-8/3318 хатының, Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясы төрағасының 2017 жылғы 30 мамырдағы №10-06/678 ұсынысы негізінде, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бұрын атқарып отырған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымынан босатылып, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымы D-1 санатына:

Еңсегенұлы Сағат - Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы лауазымына 2018 жылдың 01 шілдесіне дейін тағайындалсын.

2. Бұрын атқарып отырған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарынан босатылып, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымы D-2 санатына:

Ізтлеуова Гүлшат Сағынғалиқызы - Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі лауазымына, 2018 жылдың 15 шілдесіне дейін;

Жүсіпов Қанат Серікұлы - Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі лауазымына;

Урынбаев Серік Шангерейұлы - Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі лауазымына, 2018 жылдың 01 қарашасына дейін;

Әлімов Қуантқан Мырзабекұлы - Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі лауазымына, 2021 жылдың 01 қарашасына дейін тағайындалсын.

3. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің экономиканың дамуына мемлекеттік аудит жүргізу бөлімі агроөнеркәсіптік және отын-энергетикалық кешендерге аудит жүргізу секторының бас консультант-мемлекеттік аудитору, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымы, В-4 санатына орналасуына байланысты Қанат Серікұлы Жүсіпов Ақтөбе облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі лауазымынан босатылсын.

4. Осы шешімнің 2017 жылдың 31 мамырынан бастап қолданысқа енгізілетін 3-тармағын қоспағанда, осы шешім 2017 жылғы 6 мамырдан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы,
облыстық мәслихаттың
хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА